

**Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі мен  
Ресей Федерациясы Табиғи ресурстар және экология министрлігі  
арасындағы киіктің Еділ-Жайық үйірін (*Saiga tatarica tatarica*)  
қорғау, өсімін молайту және пайдалану жөніндегі  
Келісім**

Бұдан әрі Тараптар болып аталатын Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі мен Ресей Федерациясы Табиғи ресурстар және экология министрлігі,

Тараптар мемлекеттерінің арасындағы достық қатынастарды және жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және орнықты пайдалану саласындағы ынтымақтастықты одан әрі кеңейту мен тереңдету мүдделерін басшылыққа ала отырып,

адамдардың әрбір ұрпағы болашақ ұрпақтар үшін табиғи ресурстардың сақтаушысы болып табылатынын және биологиялық әртүрлілікті сақтауды қамтамасыз етуге міндетті екенін сезіне отырып,

жер бетіндегі жануарлар дүниесінің байырғы өкілдерінің бірі киік дала мен жартылай шөлейт жерлердің биологиялық қауымдастығының маңызды буыны болып табылатынын, кәсіпшілік және ғылыми құндылығы бар екенін және оның саны соңғы жылдары едәуір мөлшерде қысқарып кеткенін мойындай отырып,

киіктің қоныс аударатын жануар екенін және киіктің Еділ-Жайық үйірінің (кіші таралымының) таралу аймағы Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының мемлекеттік шекараларына іргелес аумақты қамтитынын назарға ала отырып,

киіктің Еділ-Жайық үйірінің (кіші таралымының) жай-күйін бағалау, киіктерді қорғау, өсімін молайту және ғылыми пайдалану жөнінде практикалық іс-шаралар әзірлеу және өткізу Тараптардың ынтымақтастық жасауы жағдайында неғұрлым тиімді жүргізілуі мүмкін екенін мойындай отырып,

мына төмендегілер жайында келісті:

**1-бап**

Тараптар өз мемлекеттерінің ұлттық заңнамаларына сәйкес киіктің Еділ-Жайық үйірінің (бұдан әрі – киіктер) мониторингі, оны қорғау және пайдалану жөнінде кешенді іс-шаралар жүргізу бойынша бірлескен шаралар әзірлейді.

## 2-бап

Тараптар киіктердің тыныс-тіршілігінің жылдық циклінің барлық кезеңінде оларды қорғау мен орнықты пайдаланудың тиімділігін арттыруға бағытталған жұмыстардың жүргізілуін мына іс-шараларды жүзеге асыру арқылы үйлестіріп отырады:

- төлдеу, көбею үшін немесе өзге себептер бойынша жердің жарамдылығына байланысты нақты шекаралық аумақтарда болудың кезеңділігін (жүйелілігін) немесе тұрақтылығын бағалау;

- олардың жылыстау бағыттарын және маршруттарының қашықтығын анықтау;

- киіктердің санын есепке алудың және олардың шекаралық аудандарда жылыстауын қадағалаудың осы заманғы әдістерін бірлесіп әзірлеу.

## 3-бап

Әрбір Тарап киіктерді\* сақтау, олардың бірқалыпты өмір сүруі мен оларды және олар мекендейтін орындарды қалпына келтіру мақсатында өз мемлекетінің аумағында ерекше қорғалатын аумақтар құруға ықпал етеді.

## 4-бап

1. Тараптар қажет болған жағдайда Келісімді іске асыруға жауапты ұйымдарды (бұдан әрі – уәкілетті ұйымдар) айқындай алады және бұл жайында бір бірін жазбаша түрде хабардар етеді.

2. Уәкілетті ұйымдардың атаулары немесе функциялары өзгерген жағдайда Тараптар бұл жайында үш айлық мерзім ішінде бір бірін жазбаша түрде хабардар етеді.

## 5-бап

Тараптар киіктердің мониторингі, оларды қорғау, өсімін молайту және ұтымды пайдалану жөнінде жүргізіліп жатқан іс-шаралар жайында, сондай-ақ мониторинг нәтижелері жайында бірін бірі жылына әрі кеткенде бір рет хабардар етіп отырады.

**6-бап**

Тараптар жануарлар дүниесінің объектілерін қорғау, өсімін молайту және орнықты пайдалану саласындағы құқық бұзушылықтың алдын алу және онымен күресу мақсатында өз мемлекеттерінің заңнамаларын жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлейді.

**7-бап**

Осы Келісім шеңберінде ынтымақтастықты үйлестіру үшін Тараптар тепе-теңдік негізде Тараптар мемлекеттерінің уәкілетті органдары мен ғылыми ұйымдарының өкілдерінен Жұмыс тобын құрады.

Жұмыс тобының мәжілістері Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясында қажеттілігіне қарай алма-кезек өткізіліп тұрады.

Жұмыс тобы мәжілісінің қорытындылары хаттамалармен ресімделеді.

**8-бап**

Жұмыс тобының мәжілістерін ұйымдық-техникалық жағынан қамтамасыз етуді қабылдаушы Тарап жүзеге асырады.

Өз өкілдерінің мәжілістерге қатысуына байланысты басқа шығындарды Тараптардың әрқайсысы дербес қаржыландырады.

**9-бап**

Киікті аулауға енгізілген тыйым салуды немесе шектеуді алуға Тараптардың шешімі бойынша олардың мемлекеттерінің заңнамаларына және Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы қатысушылары болып табылатын халықаралық шарттарға сәйкес жол беріледі.

Мамандандырылған питомниктер немесе қоныстандыру үшін тірідей аулау, дарақтарды ғылыми мақсаттарда алып қою оны жүргізу орны бойынша мемлекеттердің заңнамаларына сәйкес іске асырылады.

Тараптар киікті тірідей аулау, оны алуға тыйым салу немесе оған квоталарды шектеуді жою жоспарланып отырғаны жайында бірін бірі көрсетілген іс-шаралар басталғанға дейін 30 жұмыс күнінен кешіктірмей хабардар етеді.

**10-бап**

Тараптар киіктердің жай-күйіне жүйелі түрде мониторинг өткізу кезінде киіктерді қорғау, өсімін молайту және ұтымды пайдалану жөнінде қажетті шаралар қабылдайды.

**11-бап**

Осы Келісімнің ережелері киіктерді және олар мекендейтін орындарды сақтау жөнінде қосымша шаралар қолдану жөніндегі Тараптардың қайсысының да болсын құқықтарын шектемейді және оларды қозғамайды.

**12-бап**

Тараптардың өзара уағдаластығы бойынша осы Келісімге өзгерістер енгізіледі, олар оның ажырамас бөліктері болып табылатын жеке Хаттамалармен ресімделеді.

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіру немесе қолдану кезінде даулар мен келіспеушіліктер туындаған жағдайда Тараптар оларды консультациялар өткізу және келіссөздер жүргізу арқылы шешеді, бұл ретте Тараптар орыс тіліндегі мәтінге жүгінетін болады.


**13-бап**

Осы Келісім бес жыл мерзімге жасалды және қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Осы Келісім, егер Тараптардың бірде бірі оның қолданылу мерзімін ұзартпау жөніндегі өзінің ниеті жайында ағымдағы бесжылдық кезеңнің аяқталуынан алты айдан кешіктірмей жазбаша хабарлама жібермесе, келесі бесжылдық кезеңдерге қолма-қол ұзартылады.

2012 жылғы «19» *қорықаралы* Павлодар қаласында әрқайсысы қазақ және орыс тілдерінде екі данада жасалды және екі мәтіннің де күші бірдей.

**Қазақстан Республикасы**  
**Ауыл шаруашылығы**  
**министрлігі үшін**



**Ресей Федерациясы**  
**Табиғи ресурстар және экология**  
**министрлігі үшін**

